

Research paper/Оригинальная статья

<https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-90-101>

МРПТИ 06.51.77

JEL: F15, F53, F55, R10



Problems and Prospects of Cross-Border Cooperation Between Russia and Kazakhstan

Asel A. Tapalova^{1*}, Zhanarys S. Raimbekov¹, Aliya A. Zhunusova², Rimma G. Satkanova³

¹ L.N. Gumilyov Eurasian National University, 11 Kazhymukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan

² Turan -Astana University, 11 I. Dukenuly str., Nur-Sultan, Kazakhstan

³ Kazakh University of Economics, Finance and International Trade, 7 Zhubanova str., 010005, Nur-Sultan Kazakhstan

Abstract

The purpose of the article is to analyze the directions of cross-border cooperation between Russia and Kazakhstan, identify problems and prospects for its development. The subject of the research is the socio-economic relations arising in the process of cross-border cooperation between Russia and Kazakhstan. The object of the research was the border regions of Russia and Kazakhstan. The research methodology is based on the application of an institutional approach to the study of cross-border cooperation of the countries under consideration. The information base of the study was made up of data from the Federal State Statistics Service of the Russian Federation and the Bureau of National Statistics of the Agency for Strategic Planning and Reforms of the Republic of Kazakhstan, regional and national regulations characterizing cross-border cooperation of the analyzed countries. The results of the study represent a comprehensive assessment of the development of cross-border cooperation and recommendations for eliminating barriers to the development of cross-border cooperation in general. The scientific value of the work lies in a comprehensive understanding of the existing integration mechanisms in the border areas of Russia and Kazakhstan. The practical value of the work lies in the fact that the conclusions of the study may be of interest to the circle of persons engaged in scientific study of the development of cross-border cooperation between Russia and Kazakhstan, as well as for specialists of the relevant competent authorities of these countries.

Keywords: border regions, cross-border cooperation, economic potential, economic cooperation.

For citation: Tapalova, A.A., Raimbekov, Zh.S., Zhunusova, A.A., & Satkanova, R.G. (2021). Problems and Prospects of Cross-Border Cooperation Between Russia and Kazakhstan. *Economics: the Strategy and Practice*, 16(4), 90-101, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-90-101>

* **Corresponding author:** Tapalova A.A. - PhD student of ENU named after L.N. Gumilyov, 11 Kazhymukan str., 010000, Nur-Sultan, e-mail: tapalova-a@mail.ru

Conflict of interests: the authors declare that there is no conflict of interest

Financial support: The study was not sponsored (own resources).

The article received: 06.09.2021

The article approved for publication: 08.11.2021

Date of publication: 30.12.2021

Ресей мен Қазақстанның шекара маңы ынтымақтастығының мәселелері мен келешегі

Тапалова А.А.^{1*}, Раимбеков Ж.С.¹, Жунусова А.А.², Сатканова Р.Г.³

¹ Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан к. 11, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

² Тұран-Астана университеті, Б.Дүкенұлы к. 29, 010000, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

³ Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Жубанов к., 7, 010005, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Түйін

Қазіргі уақытта біз Ресей мен Қазақстанның шекара маңы аймақтары арасындағы ынтымақтастық маңыздылығының арта түскеніне куә болып отырмыз, бұл олардың терең экономикалық ықпалдасуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл Ресей мен Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы қолданыстағы ықпалдасу тетіктерін жан-жақты түсінуді қажет етеді. Мақаланың мақсаты - Ресей мен Қазақстанның шекара маңы аймақтарының ынтымақтастық бағыттарын талдау, оны дамыту мәселелері мен даму келешегін анықтау. Зерттеу пәні Ресей мен Қазақстанның шекара маңы ынтымақтастығы үдерісінде туындайтын әлеуметтік-экономикалық қатынастар болып табылады. Зерттеу нысаны Ресей мен Қазақстанның шекаралас облыстары болды. Зерттеу әдістемесі қарастырылып отырған елдердің шекаралық ынтымақтастығын зерттеудің институционалдық тәсілін қолдануға негізделген. Зерттеудің ақпараттық базасын Ресей Федерациясының Федералды мемлекеттік статистика қызметі мен Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері және қарастырылып отырған мемлекеттердің шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығын сипаттайтын аймақтық және ұлттық нормативтік актілер құрады. Зерттеу нәтижелері трансшекаралық ынтымақтастықты дамыту ахуалының кешенді бағасын және тұтастай алғанда шекаралық ынтымақтастықты дамыту жолындағы кедергілерді жою бойынша ұсыныстарды білдіреді. Жұмыстың ғылыми құндылығы Ресей мен Қазақстанның шекаралас аймақтар арасындағы ықпалдасу тетіктерін жан-жақты саралауда жатыр. Жұмыстың тәжірибелік құндылығы зерттеу қорытындыларының Ресей мен Қазақстан арасындағы шекаралас ынтымақтастықты дамытуды ғылыми зерттеумен айналысатын адамдар шеңберіне, сондай-ақ тиісті құзыретті ұйымдардың мамандары үшін қызығушылық тудыру мүмкіндігінде жатыр.

Түйін сөздер: шекаралас аймақтар, шекара маңы ынтымақтастығы, экономикалық әлеует, экономикалық ынтымақтастық.

Дәйексөз алу үшін: Тапалова А.А., Раимбеков Ж.С., Жунусова А.А., Сатканова Р.Г. (2021). Ресей мен Қазақстанның шекара маңы ынтымақтастығының мәселелері мен келешегі. Экономика: стратегия және практика, 16(4), 90-101, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-90-101>

* **Хат-хабаршы авторы:** Тапалова А.А. – PhD докторант Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Қажымұқан к. 11, 010000, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, e-mail: tapalova-a@mail.ru

Мүдделер қақтығысы: авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді.

Қаржыландыру. Зерттеу демеушілік қолдау көрсеткен жоқ (меншікті ресурстар).

Мақала редакцияға түсті: 06.09.2021

Жариялау туралы шешім қабылданды: 08.11.2021

Жарияланды: 30.09.2021

Проблемы и перспективы приграничного сотрудничества России и Казахстана

А.А. Тапалова^{1*}, Ж.С. Раимбеков¹, А.А. Жунусова², Р.Г. Сатканова³

¹ Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, ул. Кажымукана, 11, 010000, Нур-Султан, Казахстан

² Университет Туран-Астана, ул. Ы. Дукенулы 29, 010000, Нур-Султан, Казахстан

³ Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, ул. Жубанова, 7, 010005, Нур-Султан, Казахстан

Аннотация

В настоящее время мы стали свидетелями возрастания значения сотрудничества приграничных регионов России и Казахстана, позволяющего обеспечить их более глубокую экономическую интеграцию. Это обуславливает необходимость всестороннего осмысления имеющихся интеграционных механизмов на приграничных территориях России и Казахстана. Цель статьи – анализ направлений приграничного сотрудничества России и Казахстана, выявления проблем и перспектив его развития. Предметом исследования выступают социально-экономические отношения, возникающие в процессе приграничного сотрудничества России и Казахстана. Объектом исследования явились приграничные регионы России и Казахстана. Методология исследования основана на применении институционального подхода к изучению приграничного сотрудничества рассматриваемых стран. Информационную базу исследования составили данные Федеральной службы государственной статистики Российской Федерации и Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахстан, региональные и национальные нормативные акты, характеризующие приграничное сотрудничество анализируемых стран. Результаты исследования представляют собой комплексную оценку развития приграничного сотрудничества и рекомендации по устранению барьеров развития приграничного сотрудничества в целом. Научная ценность работы заключается во всестороннем осмыслении имеющихся интеграционных механизмов на приграничных территориях России и Казахстана. Практическая ценность работы состоит в том, что выводы исследования могут быть интересны кругу лиц, занимающихся научной проработкой вопросов развития приграничного сотрудничества России и Казахстана, а также для специалистов соответствующих компетентных органов власти этих стран.

Ключевые слова: приграничные регионы, приграничное сотрудничество, экономический потенциал, экономическое сотрудничество.

Для цитирования: Тапалова А.А., Раимбеков Ж.С., Жунусова А.А., Сатканова Р.Г. (2021). Проблемы и перспективы приграничного сотрудничества России и Казахстана. Экономика: стратегия и практика, 16(4), 90-101, <https://doi.org/10.51176/1997-9967-2021-4-90-101>

* **Корреспондирующий автор:** Тапалова А.А. – PhD докторант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 11, 010000, г. Нур-Султан, e-mail: tapalova-a@mail.ru

Конфликт интересов: авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

Финансирование. Исследование не имело спонсорской поддержки (собственные ресурсы).

Статья поступила в редакцию: 06.09.2021

Принято решение о публикации: 08.11.2021

Опубликовано: 30.09.2021

Кіріспе

Қазақстан Республикасының шекаралас аумақтармен ынтымақтасу оның аймақтары үшін маңызды. Ынтымақтастыққа ықпал ететін факторлар қатарына тек жалпы тарихи дамуды, экономикалардың өзара ықпалдасуын, ортақ саяси мүдделерді ғана емес, сонымен қатар екі ел үшін ортақ ықпалдасу үрдістерін жатқызуға болады. Қазақстандық-ресейлік шекара маңы ынтымақтастығы мәселесі Еуразиялық ықпалдасу жағдайында жаңа сапаға ие болғандықтан, оның ахуалын талдау, даму кедергілері мен болашағын анықтау өзекті мәселе болып отыр.

Әдебиеттік шолу

Қазіргі таңда шекаралас аймақтардың дамуы мен өзара әрекеттесу тақырыбына арналған ғылыми еңбектердің саны едәуір көп. Шекаралас аймақтардың ынтымақтастығының теориясы мен түсініктемелік аппараты шет елдік ғалымдармен [1,2,3] және ресейлік ғалымдармен [4] толық қарастырылған. Атап айтқанда, шекаралық кеңістік аясындағы мемлекеттердің ынтымақтасу ерекшеліктері П. Джемс, П. Друкер, Дж. Мартин, И. Ансофф, В.В. Гончаров, С.Г. Горшенин, Д.А. Гайанов, Ф. Кожурин, Г. Мюрдаль еңбектерінде зерттелген. Осы авторлардың пайымдауынша, шекаралық ынтымақтастықтың мемлекеттер арасындағы халықаралық ынтымақтастықтан айырмашылығы – ол аймақтық билік пен жергілікті өзін-өзі басқару деңгейінде, сонымен қатар бірқатар басқа аймақтық субъектілер деңгейінде жүзеге асырылады.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің (Тараптардың) Шекара маңы ынтымақтастығы туралы конвенциясына сәйкес, шекара маңындағы ынтымақтастық – бұл Тараптардың заңнамаларына сәйкес шекаралас аумақтар арасындағы тату көршілік қатынастарды нығайтуға және көтермелеуге бағытталған келісілген іс-шаралар¹. Осы құжатта шекаралас аумақтар ретінде Тараптардың мемлекеттік шекарасына іргелес жатқан және олардың ұлттық заңнамасына немесе олар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес Тараптардың әкімшілік-аумақтық құрылымдарының аумақтары немесе аумақтарының бөлігі танылады.

Шекаралас аймақтарға еуразиялық жоба аясында ерекше көңіл бөлінген болатын.

¹ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекара маңы ынтымақтастығы туралы конвенцияны ратификациялау туралы ҚР 2010 жылғы 17 ақпандағы № 250-IV Заңы // «Егемен Қазақстан» 2010 жылғы 24 ақпандағы № 69-72 (25918)

Атап айтқанда, ішкі кедендік шекаралар жойылып, ортақ нарық қалыптаса бастағаннан кейін, олардың дамуы Еуразиялық экономикалық одақ аясындағы экономикалық байланыстардың нығаюына айтарлықтай әсер етеді деген болжам жасалды [5]. Бүгінгі таңда ғылыми жарияланымдардың көпшілігінде бұл үміттердің толық ақталмағаны туралы жазылған. Еуразиялық жобаның және ынтымақтастықтың жалпы әлеуетінің жоспарланған жетістіктері шегінде шекаралық ынтымақтастықтың нәтижелері әлі де мартымсыз, ал шекаралас аймақтар еуразиялық ықпалдастықтың мүмкіндіктерін (тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркіндік қозғалысы) оны сапалы жаңа деңгейге шығару үшін пайдалана алмады. Осы қалыптасқан жағдайдың себептері көптеген авторлармен зерттелді. Жундубаев М.К. және Голунов С.В. оларға нормативтік-құқықтық базаның әлсіздігін, ынтымақтастық институттары мен формаларының жеткіліксіздігін жатқызады [6,7].

Ресейлік-қазақстандық шекара маңы аумақтарының ынтымақтастығына арналған жұмыстар бір жағынан көп санымен сипатталса, екінші жағынан, нормативтік-құқықтық базаның және ынтымақтастасу формаларын талдаумен немесе жекелеген шекаралас аймақтардың мәселелерді зерттеумен шектеледі. Мәселен, Винокуров Е.Ю. шекаралас аймақтардың сауда-экономикалық байланыстардың ерекшеліктерін зерттесе [8], Кузьмина Е.М. сыртқы сауда қызметін тарифтік емес реттеу ерекшеліктерін анықтаған. Осы екі автордың еңбектерінде өркениетті трансшекаралық сауданың дамуын тежейтін факторлар негізделген [9].

Зерттелетін тақырып бойынша ғылыми жарияланымдарды талдау көрсеткендей, Ресей мен Қазақстанның шекаралық ынтымақтастығының аймақтықаралық деңгейде дамуындағы соңғы өзгерістер мен жаңа үрдістер, даму мәселелері және осы ынтымақтастықтың болашағы жеткіліксіз деңгейде зерттелген.

Зерттеу әдістері

Мақала Ресейлік-қазақстандық шекара маңы аумақтарының ынтымақтастығының қолданыстағы тәжірибесін зерттеуге жүйелік тәсілді қолдануға негізделген, ол сандық және сапалық әдістерді, атап айтқанда, экономикалық-статистикалық талдау, салыстыру және жалпылау әдістерін қамтиды. Зерттеу нысаны Ресей мен Қазақстанның шекаралас облыстары болып табылады. Зерттеу пәні Ресей мен Қазақстанның шекаралас

облыстарының арасында ынтымақтастық байланыстар орнату үдерісінде пайда болатын экономикалық қатынастар болып табылады.

Зерттеу нысандарының демографиялық және экономикалық әлеуеттерін зерттеуде салыстырмалы талдау әдісін, сондай-ақ құрылымдық талдау әдістері қолданылды. Бұл абсолюттік шамаларын салыстыруға келмейтін әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерге объективті салыстыру жүргізуге мүмкіндік берді. Жұмыстың ақпараттық базасын ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының (ҚР СЖРА ҰСБ) және РФ Федералды мемлекеттік статистика қызметінің аймақтық статистика бойынша мәліметтері, Еуразиялық экономикалық комитетінің және Қазақстандағы Ресей елшілігінің интернет ресурсындағы деректер құрады. Сонымен қатар, экономикалық көрсеткіштерді АҚШ валютасына келтіру барысында ҚР Ұлттық банкінің және РФ Орталық банкінің тиісті жылдарға бекітілген есептік валюталық бағамдарының шамалары қолданылды.

Нәтижелер және талқылау

Қазақстан Республикасымен Ресей Федерациясының 12 аймағы шекараласады: Астрахан, Волгоград, Саратов, Самара, Оренбург, Челябинск, Курган, Омск, Тюмень және Новосибирск облыстары, Алтай өңірі мен Алтай Республикасы. Ресей Федерациясымен Қазақстан Республикасының 7 аймағы шекараласады: Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Шығыс Қазақстан облыстары.

Шекара маңы аймақтарының қазақстандық бөлігінде 35 қала бар, олардың ішінде тек он қаланың ғана халық саны 100 мыңнан асады. Жеті қала облыс орталықтары (Петропавл, Атырау, Қостанай, Орал, Өскемен, Павлодар, Ақтөбе) болса, екі қала (Рудный және Екібастұз) монобейімді өнеркәсіптік орталықтар ретінде мойындалған. Тұрғындар санының төмен тығыздығына қарамастан, қазақстандық қалалар тек өз облыстары деңгейінде ғана емес, сондай ақ Ресеймен шекаралас аумақтардағы тұрғындарға және бизнеске түрлі қызметтер көрсете отырып, ынтымақтастық орталықтарының функцияларын атқарады. Бұл жерде шешуші рөлді Ресейге жақын орналасу (Орал, Ақтөбе, Семей, Петропавл) ойнайды. Онымен қоса, Петропавл қаласының транзиттік әлеуеті ұтымды. Аталған қалалар этникалық фактордың арқасында Ресеймен тарихи қалыптасқан байланысты сақтауда: мұнда ресейлік қалалармен бұрынғыдай етене жақын

туыстық және мәдени байланыстар әлі күнге дейін сақталған [10].

Шекара маңы аймақтарының ресейлік бөлігінде халқының саны 100 мыңнан асатын 26 қала бар, олардың бесеуінде миллионнан аса халық тұрады (Волгоград, Самара, Омск, Челябинск және Новосибирск). Олар шекаралық ынтымақтастықтың басты функцияларын атқарады. Олардың саудалық, қаржы-ұйымдық және көліктік-логистикалық қызметтері ресейлік және қазақстандық бизнес үшін аса маңызды, ал мәдени-білім және медициналық қызметтері шекара маңы халқы үшін маңызды.

Жалпы, шекара маңы аймақтарының өндірістік әлеуетінің үйлесімділік дәрежесі айтарлықтай жоғары. Батыс аймақта отын-энергетикалық кешенінің (ОЭК) айқын басым үлесі бар қазақстандық аймақтардың шикізаттық бағыты мен Ресей бөлігіндегі аймақтарда машина жасау және металл өңдеу кешенінің дамығандығы жақсы үйлеседі. Алайда, шекара маңы аймақтарының әлеуетін басқа ұқсас көрсеткіштермен салыстыру оптимистік көріністі бермейді. Мәселен, шекаралас аймақтар демографиялық ахуалы, экономикалық даму деңгейі, сыртқы нарыққа қатысты жағдайы және экспорттық әлеуеті, экономиканың құрылымдық ерекшеліктері бойынша ерекшеленеді. Соларды талдауға тоқталайық.

Ресейлік-қазақстандық шекара маңы аумақтарының жалпы демографиялық әлеуеті 29,9 млн. адамды құрайды (2019 ж.). Ресейлік шекаралас аймақтардағы халық саны Ресей халқының небәрі 16,5%-ті құрайды, ал қазақстандық аймақтарда Қазақстан халқының үштен бір бөлігі дерлік тұрады (бұл көрсеткіштер 1 және 2-сурет мәліметтеріне сәйкес есептелді).

Шекаралық аймақтардың қазақстандық бөлігінде ресейлік аумақтармен салыстырғанда 5 есе аз халық өмір сүреді: сәйкесінше 5,7 млн. адам (19%) және 24,2 млн. адам (81%).


Шекаралас аймақтардағы халықтың орташа тығыздығында да ерекшеліктер бар. Мәселен, шекара аймағының қазақстандық бөлігінде ол 1 шақырымға 2,7 адамнан (Ақтөбе облысында) 6,1 адамға (Павлодар облысында) дейін жетеді [11]. Салыстыратын болсақ: Ресейдегі шекара маңы аймақтарында 1 шақырымға 9,2 адамнан (Тюмень облысында) 59,8 адамға (Самара облысында) дейін келеді [12].



Сурет 1 - Ресейлік-қазақстандық шекара маңы аумақтарының ресейлік бөлігінің халық саны, мың адам

Figure 1 - The population of the Russian part of the border territories of Russia and Kazakhstan, thousand people

Ескерту – РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметінің деректері



Сурет 2 - Ресейлік-қазақстандық шекара маңы аумақтарының қазақстандық бөлігінің халық саны, мың адам

Figure 2 - The population of the Kazakh part of the border territories of Russia and Kazakhstan, thousand people

Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері

Қазақстан мен Ресейдің шекара маңы аймақтары екі мемлекеттің де экономикалары үшін үлкен маңызға ие. Қарастырылып отырған аймақтардың экономикалық әлеуетін бағалайық. Ресейлік-қазақстандық шекара маңындағы аймақтардың жалпы ішкі өнімі 2019 ж. 239,3 млрд. АҚШ долларынан асты. Бұл көрсеткіш Өзбекстан, Жаңа Зеландия

мемлекеттерінің ЖӨӨ деңгейінен асады. Екі елдің өзара шекаралас аймақтарының экономикалық әлеуетін талдау мақсатында сатып алу қабілеті паритеті бойынша есептелген жалпы аймақтық өнім (ЖАӨ), жан басына шаққандағы ЖАӨ, ЖІӨ-дегі ЖАӨ үлесі сияқты көрсеткіштері талданды (1 және 2-кестелер).

Кесте 1 - Ресейдің Қазақстанмен шекаралас аймақтарының экономикалық әлеуеті, 2019 ж.
Table 1 - Economic potential of Russia's border regions with Kazakhstan, 2019

№	Аймақтар	ЖАӨ, млн. АҚШ долл.	Ресейдің ЖІӨ-дегі үлесі, %	Жан басына шаққандағы ЖАӨ, АҚШ долл.
1.	Астрахан облысы	9212,6	0,6	9212,6
2.	Волгоград облысы	14851,3	1,0	8361,9
3.	Саратов облысы	12539,7	0,9	5157,5
4.	Самара облысы	26073,9	1,8	8196,0
5.	Орынбор облысы	17102,6	1,2	8726,2
6.	Челябинск облысы	23875,1	1,6	6878,3
7.	Курган облысы	3606,5	0,2	4340,3
8.	Тюмень облысы (округтерді санамағанда)	19393,6	1,3	12691,7
9.	Омбы облысы	11940,1	0,8	6169,2
10.	Новосибирск облысы	21768,2	1,5	7786,1
11.	Алтай өңірі	9744,4	0,7	4191,2
12.	Алтай Республикасы	911,0	0,1	4150,0
Барлығы		171 018, 8	11,7	7155,1

Ескерту – РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметінің деректері негізінде құрастырылған

Кесте 2 - Қазақстанның Ресеймен шекаралас аймақтарының экономикалық әлеуеті, 2019 ж.
Table 2 - Economic potential of Kazakhstan's border regions with Russia, 2019

№	Аймақтар	ЖАӨ, млн. АҚШ долл.	Ресейдің ЖІӨ-дегі үлесі, %	Жан басына шаққандағы ЖАӨ, АҚШ долл.
1.	Атырау облысы	24369,1	10,3	38104,3
2.	Батыс Қазақстан облысы	7 697,9	4,2	11760,2
3.	Ақтөбе облысы	7 771,2	4,3	8874,7
4.	Қостанай облысы	6 405,6	3,4	7357,0
5.	Солтүстік Қазақстан облысы	3 611,6	2,0	6547,1
6.	Павлодар облысы	7 915,4	4,2	10511,6
7.	Шығыс Қазақстан облысы	10515,9	5,7	7653,0
Барлығы		68286,6	34,1	12972,5

Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде құрастырылған


Кестелерде көрсетілгендей, ресеймен шекаралас қазақстандық аймақтар Қазақстанның ЖІӨ-нің 34,1%-ын құрайды, ал Қазақстанмен шекаралас ресейлік аймақтардың Ресей экономикасындағы үлесі аздау – 11,7%. Осыған қарамастан, екі елдің шекаралас аймақтарының жалпы ішкі өнімінің 71,5%-ы ресейлік аймақтарға, ал қалған 28,5%-ы қазақстандық аймақтарға тиесілі. Қалыптасқан жағдай шекаралас аймақтардың қазақстандық бөлігіндегі аймақтардың экономикасының дамытуға баса назар аудару қажеттілігін білдіреді. Мұндай жағдайдың қалыптасуының ең бірінші себебі жоғарыда талданып кеткендей, қазақстандық шекаралас аймақтардағы халық санының аздығы мен орналасу тығыздығының деңгейінің ресейлік шекаралас аймақтармен салыстырғанда

төмендігін білдіреді. Сондықтан бұл жерде екі елдің шекаралас аймақтарының экономикалық әлеуетін салыстыруда жан басына шаққандағы жалпы аймақтық өнім көрсеткішін қолданған орынды. Біздің есептеулеріміз көрсеткендей, бұл көрсеткіш бойынша Қазақстанның шекаралас аймақтары Ресейдікінен басым: сәйкесінше 12972,5 АҚШ доллары және 7155,1 АҚШ доллары.

Соңғы жылдар тәжірибесі көрсеткендей, Ресей мен Қазақстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастар анағұрлым дамыған. Оған қоса, отын-энергетика және тау-кен металлургия кешендері, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация, автомобиль жасау, машина жасау, өндіріс, химия және аэроғарыш өнеркәсібі салаларында екі ел арасындағы ынтымақтастық серпінді дамуда.


Ресей Қазақстанның негізгі сауда серіктестері арасында бірінші орында. Жыл сайын қазақстандық сыртқы сауданың жалпы көлемінің 18-21%-ы Ресей бағытында қалыптасады. 2019 жылы осы елдер арасындағы тауар айналымы 6,2%-ға өсіп, 19,7 млрд.

АҚШ долларын құрады. Осы соманың 14,1 млрд. АҚШ доллары Ресейдің Қазақстанға экспортын, ал 5,6 млрд. АҚШ доллары Қазақстанның Ресейге экспортын құрайды. Екі елдің өзара экспортының құрылымы 3 және 4-суреттерде көрсетілген.



Сурет 3 - Ресейден Қазақстанға жөнелтілетін өнімдердің салалық құрылымы, млрд. АҚШ доллары
Figure 3 - Sectoral structure of products shipped from Russia to Kazakhstan, bln. USD

Ескерту – РФ Федералдық мемлекеттік статистика қызметінің деректері негізінде құрастырылған



Сурет 4 - Қазақстаннан Ресейге жөнелтілетін өнімдердің салалық құрылымы, млрд. АҚШ доллары
Figure 4 - Sectoral structure of products shipped from Kazakhstan to Russia, bln. USD

Ескерту – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының деректері негізінде құрастырылған

Ресейден Қазақстанға жіберілетін өнімдер арасында ең көп үлесті (27%) машиналар, жабдықтар мен көлік құралдары алады. Олар көбінесе түрлі тетіктер, жер бетінде жүретін көліктер, мұнай тасымалдайтын құралдар болып табылады. Ал Қазақстаннан Ресейге ең көп жіберілетін өнім түрі – минералды өнімдер (40,4%). Солай бола тұра, Қазақстан да Ресейден 2019 ж. жалпы құны 1,8 млрд.

АҚШ долларын құрайтын минералды өнімдер импорттаған, бұл Ресейден келетін жөнелтілімнің 13%-ын құрайды. Суреттерде көрсетілгендей, Ресей мен Қазақстан металл және металдан жасалған бұйымдарды бір-біріне экспорттайды. Ресей тарапынан бұл өнім түрлерін Челябинск облысының 20-дан аса кәсіпорындары жеткізеді. Ал осы облыс Қазақстаннан түсті металдар алады.

Қазақстанның Қостанай облысындағы Соколов-Сарыбай кен орнында шығарылатын темір рудасын Ресейдің шекара маңындағы Оренбург облысындағы «Орал болаты» және «Новотроицк хромдық зауыты», Челябинск облысының «Магнитогорск металлургиялық комбинаты» пайдаланады [13]. Аталған кәсіпорындардың ақырғы өнімдері үшінші мемлекеттерге экспортталады. Бұл Ресей мен Қазақстанның металлургия саласындағы кәсіпорындарының арасындағы кооперацияның жақсы дамығандығын дәлелдейді. Дегенмен, бұл кооперация Ресей үшін ұтымдырақ. Қазақстан үшін тек шикізат көздерін тасымалдап қана қоймай, ақырғы өнім шығаруға талпыныс жасау қажеттілігі өткір болып тұр.

Отын-энергетикалық кешен аясында да екі мемлекет арасында етене жақын байланыс орнатылған. Мәселен, мұнай саласында Қазақстандағы Павлодар мен Шымкенттегі мұнай өңдеу зауыттары ресейлік мұнайды өңдеумен айналысады. Павлодарлық зауыт кеңес дәуірінен бастап жұмыс істеген болатын, алайда қайта құру кезеңінде жұмысын тоқтатқан болатын. Кейін 2000 жылдары Ресей мен Қазақстан оның жұмысын жандандыру бойынша ортақ шешімге келді. Осы келісімге сәйкес, Ресей өз мұнайын осы зауытта өңдеткені үшін дәл осы көлемде Ресей мұнайын Қазақстандық мұнай құбырлары арқылы басқа елдерге (негізінен Қытайға) тегін тасымалдайды. Ал Қазақстан өз мұнайын Самара және Оренбург облыстарындағы кәсіпорындарда өңдейді [14]. Қазақстанның өз мұнай өңдеу зауыттарының болуына қарамастан, өндіретін жанармай сапасы жоғары деңгейде емес. Сондықтан Қазақстан Ресейден жағармайды импорттайды. Әсіресе шекаралас аймақтар оған аса мұқтаж.

Қазақстан үкіметі Қарашығанақтан өндірілетін газды өңдеу мақсатында зауыт салу мәселесін талқылаған болатын. Алайда зауыт құрылысына кететін шығындар көлемі үлкен болғандықтан, газды өңдеу үшін Орынбордағы зауытты жаңғырту экономикалық тұрғыда тиімдірек болды. Осы тұрғыда шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығы Қазақстан экономикасы үшін тиімді.

Алайда Қазақстанның Ресейге экспортының құрылымында көмір санатының ахуалы онша емес. Айта кету керек, осы уақытқа дейін Ресей Қазақстан көмірінің көп бөлігін тұтынып келеді. Алайда, Ресейдің 2014 жылы қабылданған «2030 жылға дейінгі көмір өнеркәсібін дамыту бағдарламасына» сәйкес, Екібастұз қаласынан импорттайтын көмірді Кузнецкте өндіретін көмір көлемін

ұлғайту арқылы алмастыру көзделген болатын. Осы сәттен бастап 2016 жылға дейін Қазақстаннан жеткізілетін көмір мөлшері 30%-ға төмендеді. Егер Қазақстан 2019 ж. 23,1 млн. тонна көмір өндірсе, оның 19,8 млн. тоннасы, яғни Ресейге жеткізілген. Ресейге өткізілетін көмірдің қазақстандық көмір экспортының құрамындағы құндық үлесі небәрі 49,6-ды құрайды. Мұнда аса назар аударатын нәрсе – Қазақстан Ресейге бүкіл көмір экспортының 86%-ын жеткізіп, ол үшін алатын сомасы басқа елдерге жеткізілетін 14% көмірдің құнымен бірдей дерлік. Осы орайда неліктен Қазақстан өзінің экономикалық қызығушылықтарын қорғамайды деген заңды сұрақ туындайды. Салыстыратын болсақ, 2019 ж. Украина Қазақстанның көмір экспортының 3,6%-ын, яғни 790 тоннадан астам көмір алса, оның ақшалай құны көмір экспортынан түсетін ақшаның 32%-ын құрайды [15]. Интернет парақшасындағы соңғы жылдардағы ресми жаңалықтар тізбегін сараптау көрсеткендей, Қазақстан Украина, Қытай және басқа да елге көмірді Ресей аумағы арқылы жеткізеді. Оның басты себебі Қазақстан теңіз тасымалына қол жетімділігі жоқ. Ресей өз кезегінде Украинаға отын, мұнай өнімдерінің реэкспортына шектеу қояды. Одан бөлек, ресейлік көмірді де Украинаға сатуға да бұл шектеу қолданады. Осының салдарынан бұған дейін экспортталып келген ресейлік көмір Ресейдің ішкі нарығында қалады, соның салдарынан көмір көлемі ұлғаяды, сол себепті оның бағасы арзандайды. Осылайша, осындай келеңсіз артық шектеулердің нәтижесінде Қазақстан экономикасы зардап шегіп отыр. Қазақстанның ұлттық экономика министрлігінің ақпараты бойынша, Қазақстан ай сайын осы шектеулер салдарынан айына 11 млн. АҚШ долларына тең табыстан айрылып отыр. Оған қоса, Қазақстанның темір жол тасымалы да көмір жеткізуден алуға болатын айына 120 млн. АҚШ долларына тең болатын әлеуетті табысынан қағылып отыр. Осы орайда Еуразиялық экономикалық комиссиямен тығыз жұмыс жасау қажеттілігі туындап отыр. Атап айтқанда, көмір реэкспортына шектеуді жою бойынша шаралар әзірлеу қажет. Егер ол мүмкін болмаған жағдайда, Ресей Қазақстаннан алатын көмір көлеміне кепіл беруі тиіс.

Көмір өткізу саласын есепке алмағанда, жалпы шекара маңы аймақтарының энергетикалық әлеуеті жоғары деп айтуға болады. Солтүстік Қазақстан арқылы Бірыңғай энергетикалық жүйенің электр қуаты желілері өтеді, арзан сібірлік электроэнергиямен Ресейдің Еуропалық бөлігін, Оралды қамтамасыз етеді. «Бұқара-Орал» трансконтинентальды

магистральді газ құбыры Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстары мен Оренбург, Челябинск және Свердловск облыстарын қамтиды.

Қазіргі уақытта отын-энергетика саласы бойынша Каспийде теңіз жобаларын іске асыру мәселелері шешілуде. Келісімдерге сәйкес, Қазақстан мен Ресей өз мұнайларын үшінші елдерге бір-бірінің аумақтары арқылы тасымалдайды. Жыл өткен сайын табиғи газды жөнелту және тасымалдау жобалары бойынша шекара маңы ынтымақтастығы нығаюда.

Оған қоса, Қазақстан тарапынан қазіргі уақытта Ресеймен шекаралас аймақтардағы халықаралық көлік коридорларының бойында сауда-өнеркәсіптік хабтарды құру бастамасы қолдануда. Бұл Ресей мен Қазақстанның арасындағы өнеркәсіптік кооперациясына және экспорт әлеуетінің ұлғаюына ықпал етуі мүмкін. Оған қоса, бұл шекара маңы аймақтарының азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға әсерін тигізеді.

Қазіргі уақытта Ресей мен Қазақстан арасындағы шекара маңы ынтымақтастығы олардың арасында 2010 жылы жасалған сәйкесінше Келісімге негізделеді². Онда сауда-экономикалық, энергетикалық, агроөнеркәсіптік, көліктік салалардағы, сондай-ақ ғылыми-техникалық, мәдени, гуманитарлық, әлеуметтік және білім беру салаларындағы экономикалық ынтымақтастықты дамытуға баса назар аударылған. Негізінен, шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығын реттейтін құжаттар мен келісімдердің әлсіз тұстарына жекелеген жобаларға ғана көңіл бөлу, сондай-ақ орындаушылар санының аздығына байланысты. Сондықтан, екі жақты ұзақ мерзімді экономикалық бағдарламаларды қабылдаған жөн. Ол бағдарламалар бірлескен кәсіпорындар салуға, шекара маңында сауда орталықтарын құру, бірлескен инфрақұрылымдық жобалар салу, өнеркәсіптік кооперацияны нығайтуға бағытталуы тиіс.

Одан басқа, шекара маңы аймақтарының ынтымақтастығын реттейтін құжаттар мен келісімдерді атқару тәжірибесінде бірқатар қиындықтар бар. Олар көбінесе шешім қабылдаудағы бюрократиямен байланысты. Атап айтқанда, Қазақстанда жергілікті басқару өкілдері шешім қабылдауда үлкен шектеулерге соқтығысады, өйткені заңнама

бойынша маңызды шешімдер мемлекет деңгейінде қабылдануы тиіс. Салыстыратын болсақ, Еуразиялық одақ елдерінде шешімдердің көп бөлігі жергілікті деңгейде қабылданады. Қазақстанда да осындай қағиданы шекара маңы ынтымақтастығы аясында қолдануды қамтамасыз ету қажет. Ол үшін жергілікті органдарға шекара маңы ынтымақтастығы туралы мәселелерді шешудегі мемлекеттік өкілеттіліктерді өткізу керек. Алайда бұл өкілеттіліктер барлық салаларға қатысты қолданбауы тиіс, ең бастысы, бұл шешімдерден мемлекет қауіпсіздігіне залал келтірілмеуі қажет. Дұрыс шешім қабылдау үшін мемлекет деңгейінде әрбір шекара аймағының шаруашылық ерекшеліктеріне байланысты түрлі өкілеттіліктер берген дұрыс.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, қазіргі кезде Қазақстан мен Ресей шекара маңы аймақтарының экономикалық ынтымақтастығы саласындағы оң серпін тек сауда-саттық пен қызмет көрсету көлемдерінің ұлғаюымен шектеледі. Сондықтан ықпалдастықты нығайта түсу үшін шекаралас аумақтардың өндірістік әлеуетін дамытудың жаңа ғылыми негізделген жобалары мен кешенді бағдарламаларын әзірлеу қажет. Оған қоса, Қазақстан аумағындағы шекаралық аймақтардың халқының салыстырмалы түрде тығыздығының аздығы, сондай-ақ бұл аймақтарда өнеркәсіптік орындар құруға Ресейдің шекаралас аймақтары тарапынан қызығушылықтың болмауына байланысты, оларды құру үшін ынталандыратын іс-шаралар кешенін жасаған жөн. Ол қандай-да бір уақытқа салық жеңілдіктерін беру сияқты факторлар болуы мүмкін. Сонымен бірге, екі елдің шекара маңы аймақтарының арасындағы экономикалық ынтымақтастық бойынша шешімдер қабылдаудағы өкілеттіліктерді жергілікті билік органдарына жүктеген дұрыс. Бұл өзара әрекеттесу тиімділігін жоғарылатуға, жобаларды іске асыру мерзімдерін тездетуге мүмкіндік береді. Ресей мен Қазақстанның шекара маңы ынтымақтастығының осы басымдықтарына көңіл бөлу және сәйкес шараларды іске асыру осы ынтымақтастықты дамытудың жаңа сапасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

² Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Өңіраралық және шекара маңы ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 6 қыркүйектегі № 905 Қаулысы [Электрондық ресурсы] https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P100000905_/info (қарау уақыты: 03.03.2021)

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Young, R.O. (2005). Governing the Arctic: From Cold War Theatre to Mosaic of Cooperation. *Global Governance*, 11(1), 9–15.
2. Rowe, E.W. (2018). *Arctic Governance: Power in cross-border cooperation*. Manchester University Press.
3. Dominguez, C.L., and Pires, I. (Eds.) (2014). *Cross-Border Cooperation Structures in Europe*. Bern, Switzerland.
4. Шлапеко, Е.А. (2018). Модели приграничного сотрудничества регионов России. *Общество. Среда. Развитие (Terra Humana)*, 1(46), 20–24.
5. Лимонов Л.Э., Ракишева Б.И., Анисимов А.М. и др. (2012). *Таможенный союз и приграничное сотрудничество Казахстана и России*. Спб.: ЕАБР
6. Жундубаев М.К. (2014). *Приграничное сотрудничество между Республикой Казахстан и Российской Федерацией на современном этапе: характер развития, проблемы и перспективы*: автореф. дис. ... канд. полит. наук
7. Голунов С.В. (2005). *Российско-казахстанская граница: проблемы безопасности и международного сотрудничества*. Волгоград: Центр региональных и трансграничных исследований
8. Винокуров Е.Ю., Демиденко М.В., Пелипась И.В. и др. (2015). *Оценка влияния нетарифных барьеров в ЕАЭС: результаты опросов предприятий*. Спб.: ЕАБР
9. Кузьмина Е.М. (2013). *Евразийские интеграционные проекты в восприятии постсоветских стран и Китая*. М: ИЭ РАН
10. Алексеенко А. (2012). *Миграции и борьба за городское пространство в независимом Казахстане. Сборник трудов МНПК «Местные сообщества, местная власть и мигранты в Сибири на рубежах XIX–XX и XX–XXI веков»*, Иркутск: Отгиск, 371–401.
11. (2019) жылғы Қазақстан өңірлері. Қазақ және орыс тілдеріндегі Стат. жылнамалар. (2020) Республика Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті 456.
12. Регионы России. (2019) *Социально-экономические показатели.. (2021) Стат. сб. Росстат. М., 32*
13. Карпенко М.С. (2019). *Приграничное измерение евразийской интеграции России и Казахстана: вызовы для сотрудничества*. Известия РАН. Серия географическая, 1, 24–36. doi: 10.31857/S2587-55662019124-36
14. Калинин А.Е. (2019) *Основные аспекты сотрудничества оренбургской области с Казахстаном на современном этапе*. Известия РАН. Серия географическая, 1, [Электрондық ресурс]. URL: <http://evrazia-ural.ru/node/osnovnye-aspekty-sotrudnichestva-orenburgskoy-oblasti-s-kazahstanom-na-sovremennom-etape> (қарау уақыты: 18.03.2021)
15. *Почти 86% экспортируемого из Казахстана угля уходит в Россию [Электрондық ресурс]*. URL: <https://www.akhabar.kg/ru/news/pochti-86-eksportiruемого-iz-kazahstana-uglya-uhodit-v-rossiyu/> (қарау уақыты: 03.03.2021)

References

1. Young, R.O. (2005). Governing the Arctic: From Cold War Theatre to Mosaic of Cooperation. *Global Governance*, 11(1): 9–15.
2. Rowe, E.W. (2018). *Arctic Governance: Power in cross-border cooperation*. Manchester University Press. pp: 176.
3. Dominguez, C.L. and Pires, I. (Eds.) (2014). *Cross-Border Cooperation Structures in Europe*. Bern, Switzerland. Pp. 227.
4. Shlapeko, E.A. (2018). *Modeli prigranichnogo sotrudnichestva regionov Rossii*. Obshhestvo. Sreda. Razvitie (Terra Humana). 1(46). 20–24.
5. Limonov, L.Je., Rakisheva B.I., Anisimov A.M. i dr. (2012). *Tamozhennyj sojuz i prigranichnoe sotrudnichestvo Kazahstana i Rossii*. Doklad 7. Spb.: EABR, 56 .
6. Zhundubaev, M.K. (2014). *Prigranichnoe sotrudnichestvo mezhdou Respublikoj Kazahstan i Rossijskoj Federacij na sovremennom jetape: harakter razvitija, problemy i perspektivy: avtoref. dis. ... kand. polit. nauk, M.*
7. Golunov, S.V. (2005). *Rossijsko-kazahstanskaja granica: problemy bezopasnosti i mezhdunarodnogo sotrudnichestva*. Volgograd: Centr regional'nyh i transgranichnyh issledovanij., 422 p.
8. Vinokurov, E.Ju., Demidenko M.V., Pelipas' I.V. i dr. (2015). *Ocenka vlijanija netarifnyh bar'jerov v EAJeS: rezul'taty oprosov predpriyatij*. Doklad № 30. Spb.: EABR, 96.
9. *Evrazijskie integracionnye proekty v vospriyatii postsovetских stran i Kitaja / pod obshh. red. E.M. Kuz'minoy*. M: IJe RAN, 2013. 226 p.
10. Alekseenko, A. (2012). *Migracii i bor'ba za gorodskoe prostranstvo v nezavisimom Kazahstane // Mestnye soobshhestva, mestnaja vlast' i migranty v Sibiri na rubezhah XIX–XX i XX–XXI vekov / nauch. red. V.I. Djatlov*. Irkutsk: Ottisk, 371–401.
11. *Regiony Kazahstana v (2019) godu. Stat. ezhegodnik na kazahskom i russkom jazykah. (2020) Komitet po statistike Ministerstva nacional'noj jekonomiki Respubliki*. 456 .
12. *Regiony Rossii. (2019). Social'no-jekonomichekie pokazateli. (2021) Stat. sb. Rosstat. M., 32*
13. Karpenko, M.S. (2019). *Prigranichnoe izmerenie evrazijskoj integracii Rossii i Kazahstana: vyzovy dlja sotrudnichestva . Izvestija RAN. Serija geograficheskaja. 1, 24-36. doi: 10.31857/S2587-55662019124-36*
14. Kalinin, A.E. (2019) *Osnovnye aspekty sotrudnichestva orenburgskoj oblasti s Kazahstanom na sovremennom jetape // Izvestija RAN. Serija geograficheskaja, 1 . URL: http://evrazia-ural.ru/node/osnovnye-aspekty-sotrudnichestva-orenburgskoy-oblasti-s-kazahstanom-na-sovremennom-etape*
15. *Pochti 86% jeksportiruемого iz Kazahstana uglja uhodit v Rossiju URL: https://www.akhabar.kg/ru/news/pochti-86-eksportiruемого-iz-kazahstana-uglya-uhodit-v-rossiyu/*

Information about authors

***Asel A. Tapalova** - 3d year doctoral student of ENU named after L.N. Gumilyov, Kazakhstan, e-mail: tapalova-a@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7592-5361>

Zhanarys S. Raimbekov - Doctor of Economics, Professor, ENU named after L.N. Gumilyov, Kazakhstan, e-mail: zh_raimbekov@mail.ru; Web of Science Researcher ID: N-9229-2013; Scopus Author ID: 55735708800; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4292-6966>

Aliya A.Zhunosova - Doctor of Profile, Turan -Astana University, head of the Department of Design, Service and Tourism, Kazakhstan, e-mail: aliya.zhunosova1983@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4490-7777>

Rimma G. Satkanova – PhD in Economics, Assistant professor, Kazakh University of Economics, Finance and International Trade; Kazakhstan, E-mail: satrim@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4599-2376>

Авторлар туралы мәлімет

***Тапалова Асель Айткалиевна** – 3 курс докторанты. Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Kazakhstan, e-mail: tapalova-a@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7592-5361>

Раимбеков Жанарыс Сабирович – экономика ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Kazakhstan, e-mail: zh_raimbekov@mail.ru; Web of Science Researcher ID: N-9229-2013; Scopus Author ID: 55735708800; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4292-6966>

Жунусова Әлия Анархановна - Бейіні бойынша докторы, Дизайн, сервис және туризм кафедрасының меңгерушісі, Тұран-Астана университеті, Kazakhstan, e-mail: aliya.zhunosova1983@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4490-7777>

Сатканова Римма Гайнешевна – экономика ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университеті, Kazakhstan, e-mail: satrim@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4599-2376>

Информация об авторах

***Тапалова Асель Айткалиевна** – докторант 3 курса ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, e-mail: tapalova-a@mail.ru, ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-7592-5361>

Раимбеков Жанарыс Сабирович – доктор экономических наук, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, e-mail: zh_raimbekov@mail.ru; Web of Science Researcher ID: N-9229-2013; Scopus Author ID: 55735708800; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4292-6966>

Жунусова Алия Анархановна - доктор по профилю, Заведующий кафедрой Дизайн, сервис и туризм, Университет Туран-Астана, Казахстан, e-mail: aliya.zhunosova1983@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0002-4490-7777>

Сатканова Римма Гайнешевна – кандидат экономических наук, доцент, Казахский университет экономики, торговли и международной торговли, Казахстан, e-mail: satrim@mail.ru; ORCID ID: <https://orcid.org/0000-0003-4599-2376>